

**"Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 шілдедегі № 5-6-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 5-39-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 шілдеде N 3325 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 8-13-1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 29.03.2024 № 8-13-1 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Айыртау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 шілдедегі № 5-6-3 "Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-3-161 тіркелген, 2012 жылғы 6 қыркүйекте "Айыртау таңы" газетінде, 2012 жылғы 6 қыркүйекте "Айыртауские зори" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету қағидасында:

1-тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын

"1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау аудандық  
мәслихатының хатшысы  
"КЕЛІСІЛДІ"

*Р. Тілеубаева*

"Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау ауданының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы  
2015 жылғы 30 маусым

*Е. Қазбеков*

"Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау ауданының  
экономика және қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы  
2015 жылғы 30 маусым

*М. Рамазанова*